

**"Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 596 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 150 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 141 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2022 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 596 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 48, 662-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғарышкерлікке кандидаттың, ғарышкердің жыл сайынғы профилактикалық тексерілуін, медициналық және санаторийлік-курорттық емделуін қамтамасыз ету қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Туа біткен және жүре пайда болған аурулардан, сондай-ақ жіті, созылмалы аурулар мен жарақаттардың салдарынан зардап шегетін ғарышкерлікке кандидат, ғарышкер және олардың отбасы мүшелері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қалпына келтіру еміне және медициналық оңалтуға жіберіледі."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

